# ШЕШІМ
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қысқаша шешім)

2023 жылғы 07 қараша №7119-23-00-2/11904 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.М.Баткалова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Астана қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «Усенов» атынан - Усенов Данияр Дауранович

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

«Астана қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Усенов» атынан - Усенов Данияр Даурановичке қойған мемлекеттік сатудың жозықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Усенов» атынан - Усенов Данияр Дауранович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Усенов» атынан - Усенов Данияр Даурановичтен «Астана қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

пайдасына 855 (сегізжүз елу бес) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын және 1751 (бір мың жетіжүз елу бір) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін .

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

**Судья** **Г.М.Баткалова**

Құжатқа қол қойылған: Баткалова Г. М., 07.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 15.12.2023, судья Баткалова Г. М., 15.12.2023